

**“Болгар мектеп-бақшасы” КММ бойынша Қамқоршылық кеңес отырысының  
хаттамасы № 4**

Болгарка ауылы

15.03.2024ж

Қатысқандар: мектеп директоры,

Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Наурыз мейрамын ұйымдастыру туралы
2. 2024 жылғы аймақты абаттандыру жұмыстарына және мектептің айналасын көгаландыру шараларына қатысу








Тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Алманиязова сөйледі. Мектепшілік Наурыз мейрамы ұйымдастырылады. Аталмыш мейрамға үлкен дайындық үстіндеміз. Жұмыс жоспары құрылып, сол бойынша іс-шаралар өтеді. Өгей әкемен тұратын оқушы мен көпбалалы отбасы балалары да іс-шараларға қатысады. Ата-аналар мен ұстаздардың демеушілігімен мейрам жоғары дәрежеде өтеді деп ойлаймыз. Наурыз мейрамы қарсаңында ауыл ақсақалдары мен жалғыз басты Копушу Галя апамызды құттықтап бару жоспарда бар. Наурыз мейрамына демеушіліктерді тарту керектігін сөз етті.

Келесі мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Қ.Жұрмағамбет баяндады. Қазіргі уақытта мектеп аумағын абаттандыру және көгалдандыру мәселесі бірнеше себептерге байланысты өзекті болып отыр: біріншіден, абаттандырылған мектеп аумағы балалардың эстетикалық талғамын тәрбиелеуге, өз мектебі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді; екіншіден, мектеп аумағы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың, туған өлкенің табиғатын танудың, өз қабілеттерін жүзеге асырудың тиімді құралы болып табылады; үшіншіден, абаттандыру жұмыстары оқушыларды, мектеп мұғалімдерін біртұтас ұжымға біріктіреді, ортақ мүдделердің туындауына ықпал етеді, адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде салауатты өмір салтына баулиды. Сонымен, мекеменің тартымды келбеті - бұл мектептің беделін сақтай отырып, оның визит карточкасы. Жыл сайын болатын дәстүрлі екі айлық сенбілікке бәріміз түгел қатысып, ауылымыздың көркеюіне, мектеп айналасын көгаландыруға үлесімізді қосу керек екенін айтты.

Қаулы:

1. Наурыз мейрамын ұйымдастыруға демеушілік танытатын кәсіпкерлер тартылсын.
2. 2024 жылғы екі айлық сенбілік жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  М.Ф.Маринова  
Хатшысы:  Э.А.Алманиязова  
Мүшелері:  М.Елюбаев  
 Ә.Н.Бітімбаева  
 В.В.Маринова  
 Д.Т.Есентаева  
 А.Б.Алманиязов